

2023 ЖЫЛЫ МӘМС ҮШІН КІМДЕР ҚАНША ТӨЛЕЙДІ?

Жыл сайын МӘМС жарналарының мөлшері өзгеріп отырады. 2023 жылы жарналар мөлшері басқаша есептелетін болады. Естеріңізге сала кетейік, МӘМС жарналарының мөлшері жыл сайын өзгеріп отыратын айлық есептік көрсеткіш (АЕК) және ең төменгі жалақы (ЕТЖ) мөлшеріне тікелей байланысты. 2023 жылғы 1 қаңтарда ЕТЖ 70 мың теңгеге дейін ұлғайтылады. Демек, МӘМС жарнасының мөлшері 3 500 теңгені құрайды. Мысалы, дербес төлеушілер 1 ЕТЖ 5% немесе 3 500 теңге жарна. Жұмыс берушілер қызметкерлері үшін – жалақының 3% мөлшерінде 10 ЕТЖ артық емес немесе 21 мың теңге. Қызметкерлер, оның ішінде АҚШ шарты бойынша жұмыс істейтіндер – табысының 2% 10 ЕТЖ

артық емес немесе 14 мың теңге. Жеке кәсіпкерлер (ЖК) ЕТЖ-ның 1,4 еселенген мөлшерінің 5%-ы немесе 4 900 теңге. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар немесе БЖТ төлеушілер Республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың тұрғындары үшін БЖТ көлемі 1 АЕК құрайды, яғни 3 450 теңге. Қалған елді-мекендердің тұрғындары үшін БЖТ көлемі 0,5 АЕК құрайды, яғни 1 725 теңге. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап азаматтардың жеңілдікті санатындағы 1 адамға жарна мөлшері Мемлекет жарналарын есептеу объектісінің 1,8% – құрайды. Бұл мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ағымдағы қаржы жылының 2 жылының алдындағы орташа айлық жалақы.

КТО СКОЛЬКО ПЛАТИТ ЗА ОСМС В 2023 ГОДУ?

Размеры взносов за обязательное социальное медицинское страхование зависит от минимальной заработной платы (МЗП) и месячного расчетного показателя (МРП). Чтобы быть застрахованными в системе ОСМС, разные категории граждан должны уплачивать взносы и отчисления. Кто-то это делает самостоятельно, а за третьих – государство. Работодатель выплачивает 3% от уровня заработной платы за работника. Максимальная сумма платежа не должна превышать 3% от 10 МЗП – 21 тыс. тенге в месяц

Работники и получатели доходов по договорам ГПХ платят 2% от своего дохода. Максимальная сумма платежа не должна превышать 2% от 10 МЗП – 14 тыс. тенге в месяц. ИП и граждане, занимающиеся частной практикой – 5% от 1,4-кратного размера МЗП или 4900 тенге (70 000*1,4)*5%. Для самостоятельных плательщиков сумма взноса в 2023 году составляет 3500 тенге (5% от 1 МЗП). Самозанятые граждане или плательщики ЕСП – для жителей городов республиканского и областного значения размер ЕСП 3 450 тенге (1 МРП) – для жителей остальных насе-

ленных пунктов ЕСП составит 1 725 тенге (0,5 МРП)

ГОСУДАРСТВО ПРОДОЛЖИТ ПЛАТИТЬ ЗА 15 ЛЬГОТНЫХ КАТЕГОРИЙ ГРАЖДАН

С 1 января 2023 года размер взноса на 1-ого человека из льготной категории граждан составит 1,8% от объекта исчисления взносов государства *. * Это среднемесячная заработная плата, предшествующая 2-м годам текущего финансового года, определяемая уполномоченным органом в области госстатистики. Все взносы и отчисления поступают на специальный счет в Национальном банке РК. Оттуда они направляются на оплату оказанных застрахованным гражданам услуг.

ПРОВЕРКА СТАТУСА И ПЛАТЕЖЕЙ

Информацию о наличии платежей и присвоении статуса на будущий год можно получить теми же способами, которыми проверяется статус застрахованности – через мобильное приложение Qoldau 24/7 – официальный сайт Фонда fms.kz – Telegram-канал SaqtandyryBot. Официальный документ о платежах и статусе можно получить на портале электронного правительства eGov.kz через госуслугу «Предоставление информации об участии в качестве потребителя медицинских услуг и о перечисленных суммах отчислений и (или) взносов в системе обязательного социального медицинского страхования».

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ 2023 ЖЫЛДЫҢ I - ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның, Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» ММ	Займолдин Сәкен Ғазизұлы, аудандық мәслихат төрағасы	Қаңтар - 11, 18, 25 күндері Ақпан - 1, 8, 15, 22 күндері Наурыз – 1, 6, 15, 20, 29 күндері Уақыты: сағ. - 10:00 ден -12:00 ға дейін.	Ойыл селосы Құрманғазин көшесі № 43	2-13-70

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ 2023 ЖЫЛДЫҢ I – ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Депутаттың Т.А.Ә	Қабылдауға кіретін өлді мекендер және көшелер	Қабылдау күні, телефоны, қабылдау уақыты	Қабылдау мекен-жайы
1	2	3	4	5
1	Ақбисенова Алтынсер Забихоллаевна	Қайыңды ауылдық округі бойынша:	23 ақпан Ұялы телефоны: 87013437633	Көсембай негізгі мектебі директорының қабылдау бөлмесі Қайыңды ауылдық округі әкімінің кабинеті
		Көсембай ауылы	10:00 - 12:00	
		Ақжар ауылы	15:00-17:00	
2	Есқалиева Бақыт Мұбаракқызы	Ойыл ауылдық округі бойынша:	10 ақпан Ұялы телефоны: 87026294267	Қаракемер мектеп-балабақшасы директорының қабылдау бөлмесі Ақшатау орта мектебі директорының қабылдау бөлмесі
		Қаракемер ауылы	10:00-12:00	
		Ақшатау ауылы	15:00-17:00	
3	Берғалиев Исатай Шаймерденұлы	Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі бойынша:	25 қаңтар Ұялы телефоны: 87026151942	Соркөл орта мектебі директорының қабылдау бөлмесі Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің кабинеті Құрман бастауыш мектеп меңгерушісінің қабылдау бөлмесі
		Құмжарған ауылы	10:00-12:00	
		Қаратал ауылы	15:00-16:00	
		Қарасу ауылы	17:00-18:00	
4	Омарова Мейрамгүл Бақтығалиқызы	Көптоғай ауылдық округі бойынша:	27 қаңтар Ұялы телефоны: 87711195173	Көптоғай ауылдық округі әкімінің кабинеті Жақсыбайкөл негізгі мектебі директорының қабылдау бөлмесі
		Көптоғай ауылы	10:00-12:00	
		Шұбарши ауылы	15:00-17:00	
5	Жиеналин Еркін Жұмағазыұлы	Саралжын ауылдық округі бойынша:	10 ақпан Ұялы телефоны: 87054942592	Теректі негізгі мектебі директорының қабылдау бөлмесі Қоңырат медициналық пункті ғимараты Саралжын ауылдық округі әкімінің кабинеті
		Шикұдық ауылы	10:00-11:00	
		Қоңырат ауылы	11:30-12:00	
		Кемер ауылы	15:00-17:00	
6	Жақып Жұмабай Жарылғасынұлы	Сарбие ауылдық округі бойынша:	30 қаңтар Ұялы телефоны: 87013081006	Сарбие ауылдық округі әкімінің кабинеті Қаракөл бастауыш мектебі меңгерушісінің қабылдау бөлмесі
		Сарбие ауылы	10:00-12:00	
		Қаракөл ауылы	15:00-17:00	
7	Нұрбаев Сәндібек Мұхамбетжанұлы	Ойыл ауылы: Дәуленов, Қойшығұлов, Ержанов, Тапалова, Медетбаев, Аманкелді, Құрманғазы, Абай көшелері	3 наурыз Ұялы телефоны: 87024924116 15:00-17:00	«AMANAT» партиясы аудандық филиалының ғимараты Аманкелді орта мектебі директорының қабылдау бөлмесі Қарасу негізгі мектебі директорының қабылдау бөлмесі
		Көптоғай ауылдық округі бойынша:	11 наурыз Ұялы телефоны: 87024924116 87054783778	
		Аманкелді ауылы	10:00-12:00	
		Қарасу ауылы	15:00-17:00	
8	Сармұханов Серік Кәдіргәліұлы	Саралжын ауылдық округі бойынша:	21 ақпан Ұялы телефоны: 87059186187	Ақкемер ауылдық клубы Бестамақ ауылдық клубы Екпетап мектеп-балабақшасы директорының қабылдау бөлмесі
		Ақкемер ауылы	10:00-12:00	
		Бестамақ ауылы	15:00-17:00	
		Екпетап ауылы	3 наурыз Ұялы телефоны: 87021265395 15:00-17:00	
9	Ғазез Аңсаған Қарасайқызы	Қараой ауылдық округі бойынша:	9 ақпан Ұялы телефоны: 87789135612	Қараой ауылдық округі әкімінің кабинеті Құбасай бастауыш мектебі меңгерушісінің қабылдау бөлмесі
		Қараой ауылы	10:00-12:00	
		Құбасай ауылы	15:00-17:00	
10	Дәулетқалиев Нұрсұлтан Құнанбайұлы	Ойыл ауылы: Желтоқсан, Бақаев, Сәтбаев, Еркінов, Алтынсарин, Байғанин, Молдағұлова, Қаңтарбаев, Тәуелсіздік көшелері	16 наурыз Ұялы телефоны: 87085409041 15:00-17:00	«AMANAT» партиясы аудандық филиалының ғимараты

КАЗАҚСТАНДЫҚ СТУДЕНТТЕР МЕМЛЕКЕТ ЕСЕБІНЕН САҚТАНДЫРЫЛҒАН

Оқу жылының басталуымен мемлекет МӘМС жарналарын төлейтін жеңілдікті санаттардың бірінің өкілдері ретінде студенттердің сақтандырылған мәртебесін алу мәселесі ерекше өзектілікке ие болды. «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАҚ Ақтөбе облысы бойынша филиалы бұл мүмкіндікті шетелде оқитын қазақстандықтар үшін қалай қарастырылғанын, сондай-ақ студенттердің неге кейде сақтандырылмайтынын түсіндіріп кетеді. МӘМС туралы заңға сәйкес (26-баптың 1-тармағының 13-тармақшасы), жасына қарамастан, күндізгі оқу нысаны бойынша оқитындардың барлығы (мейлі ол 18 жасқа толған мектеп оқушылары болсын, колледж, ЖОО немесе басқа да оқу орындарының студенттері болсын) азаматтардың жеңілдікті санатына кіреді, олар үшін МӘМС жарналарын мемлекет төлейді. Қазақстандық студенттер мемлекет есебінен сақтандырылған болып табылады және МӘМС пакетінде көрсетілетін медициналық қызметтерге қол жеткізе алады. Бұл жеңілдік санатындағылардың 2 тобы бар: – Қазақстанның аумағында білім алушылар; – шетелде күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылар. Сақтандырылғандар мәртебесі Қазақстан аумағында оқитын азаматтарға жеңілдік ретінде беріледі және олардың деректері оқу орнының ақпараттық жүйесі-

не енгізіледі. Ол, өз кезегінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қарамағындағы Ұлттық білім беру деректер базасымен (ҰБДҚ) біріктірілген. Деректерді енгізуге студенттер оқитын оқу орындарының әкімшілігі немесе деканаттарының қызметкерлері жауапты болады. ЖСН, Т.А.Ә., оқу кезеңі және оқыту нысанын дұрыс толтыру міндет шарт болып табылады. Егер бұл жолдар дұрыс толтырылмаған жағдайда, онда сақтандырудың жеңілдетілген мәртебесі автоматты түрде берілмейді. Шетелдік оқу орындарында оқитын қазақстандық күндізгі оқу нысанының студенттері МӘМС жүйесінде сақтандырылған тұлғалардың автоматты түрде жеңілдік мәртебесін ала алмайды. Ол үшін олар жүйеге өздігінен тіркелуі керек. Ол үшін электрондық үкімет порталындағы egov.kz сервисін пайдалану ажет: *Ізденіс жолына келесіні енгізу: «Шетелде оқитын студенттерді тіркеу». *Ашылған терезедегі өтінішті толтыру және оқуды растайтын құжаттарды қоса беру қажет. *Өтінішке ЭЦҚ көмегімен қол қою. *Көптеген жағдайларда сақтандырудың жеңілдікті мәртебесі жолдарды дұрыс толтырған жағдайда 10 жұмыс күні ішінде беріледі.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАҚ Ақтөбе облысы бойынша филиалы В КАЗАХСТАНЕ СТУДЕНТЫ ЗАСТРАХОВАНЫ ЗА СЧЕТ ГОСУДАРСТВА

Одним из актуальных вопросов является получения статуса застрахованного для студентов как представителей одной из льготных категории за которых взносы осуществляет государство. В Актюбинском областном филиале НАО «Фонд социального медицинского страхования» разъясняют, как предоставляется такая возможность казахстанцам, обучающимся за границей, а также почему студенты иногда не застрахованы. Согласно подпункта 13 п.1 ст.26 Закона РК «Об обязательном социальном медицинском страховании» взносы за лиц, обучающихся по очной форме обучения в организациях среднего, технического и профессионального, послесреднего, высшего образования, а также послевузовского образования на обязательное социальное медицинское страхование (далее - ОСМС) осуществляет государство. В Казахстане студенты застрахованы за счет государства и имеют доступ к медицинским услугам, предоставляемые в пакете ОСМС. В этой льготной категории есть 2 группы людей: - студенты обучающиеся на территории Казахстана; - студенты очной формы обучения обучающиеся за рубежом. Данные студентов обучающиеся на территории Казахстана вносятся в информационную систему учебного заведения. Однако, данные студентов, обучающихся в зарубежных ВУЗах отсутствуют в информационной системе Министерства образования и науки Республики Казахстан (далее- МОН), так как, данные лица

на территории Казахстана не зарегистрированы в качестве студентов. Соответственно, для них получение медицинских услуг в рамках ОСМС недоступно. Такие студенты могут получить временный льготный статус на 1 месяц, обратившись через мобильное приложение Qoldau 24/7 с подтверждающими документами. Для присвоения постоянного статуса студенту необходимо подать обращение на портале электронного правительства egov.kz в разделе «Регистрация студентов, обучающихся за рубежом» и прикрепить подтверждающие документы (справка с места учебы) – справку из вуза с указанием периода и формы обучения и дискрипта зачетной книжки. Для оформления медицинской страховки студенту, обучающемуся в зарубежном вузе надо авторизоваться на сайте электронного правительства egov.kz . Далее: - перейти в раздел «Сервисы» выбрать «Регистрация студентов, обучающихся за рубежом» - заполнить заявку и подписать ее электронной цифровой подписью либо при помощи смс-пароля - после обработки заявки Вам поступит уведомление в личный кабинет - после проверки данных соответствующим органом и актуализации статуса студента Вы будете застрахованы до конца сессии. Повторную регистрацию на портале электронного правительства egov.kz необходимо проходить после каждой сессии. **Актыбинский областной филиал НАО «Фонд социального медицинского страхования»**

ПАРАСАТ ИЕСІ ЕДІ...



2022 жыл мөреге жетті. Бұл жылы туған жылының соңы екі цифрмен аяқталатындардың мерейжастары аталды. Күндей күркіреп өткен соғыстың ішінен аман оралған 1922 жылғылар 100 жасқа толды. Буыны қатпай тұл мен еңбек майданының бейнетін арқалаған 1932 жылғылар 90-ға келді. Өкелерін майданға жіберіп, аналарының бауырында қалған 1942 жылғылар 80 жасқа шықты. Осы соңғы мерейжас иелері — көпшілігін өзіміз жақсы білетін замандас ағаларымыз күні көшеге дейін бір шоғыр еді. Солардың белортасында қырық үш жыл мемлекеттік қызметтің сәтсіз болған, есімін Ақтөбе, Маңғыстау өңірі жақсы білетін Ибрагим Ғабдолла жүретін. Кеңестік жылдарда да жауапты басшылық қызметтерде болды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының монополияға қарсы саясаты жөніндегі Ақтөбе, Маңғыстау облыстық департаменттерінің директоры қызметтерін ұзақ жылдар бойы абыроймен атқарды. Ел ішінде сыйлы, қатарларының арасында қадірлі, тарыққанға сүйеу, жабыққанға көңіл шуағын шашып жүретін ардақты аға көзден кетсе де, көңілден кеткен жоқ. Төмендегі естелік сол зор тұлға жайында сыр шертеді.

Құтпеген жолығысу
Жетпісінші жылдардың басы еді. ҚазМу де сырттай оқып жүргенмін. Алматыға бастапқыда жылына екі рет келетінмін. Екінші курстан өткесін жылына бір мәрте шақыратын болды. Енді бұрынғыдай жиырма күннен емес, қырық күн. Тапсыратын заң, емтиханның есебі жоқ, мұрыннан шаншылып жүргенің. Толып жатқан пәндерден дәріс беретін ұстаздар, мен сияқты сырттай оқытын студенттерге көбіне лекцияларын қаланың әр жеріндегі мектептерде оқиды. Себебі ҚазМУ-дың өзінде орын жоқ, аудитория ауыспайды. Емтихан, заң апар жерге келгенде әлгі мектептер тағы өзгеріп кетеді. «Пәлен мектепке сағат пәленде жетіп болындар!» — дейді старшымыз. Ертесіне соны іздеп, алашапқын болып жүргеніміз. Бұл жолы да сондай ретпен ертелетіп қаладағы қайдағы бір мектепті іздеп шыққан едім. Ауылдың қазағы қаланы қайбір дұрыс білеміз. Бір тұстан автобустан түсіп қалып, әрі қарай көше кезіп, жан-жағыма жалтақ-жұлтақ қарап келе жатқанмын. Бір кезде айналам қызға толды да кетті, «мұнша қыздар қайдан шығып жатыр?» деп, аң-таңмын. Бір жерде осынша қыздың басын қосқан үлкен форум не симпозиуметкен бе деймін. Бірақ маңда ондай салтанатты жиын өтетіндей орын байқалмайды. Сөйткен-

ше қаптаған қыздың арасынан бір ер адам: «Әй, жас жігіт! Байқап тұрсын ба? ЖенПИ-дің тұсынан өтіп бара жатырсың», — дегені дауыстап. Солай деді де, өзі де қапталдаса берді. Сірә, менің маңдан көшеде алақ-жұлақ етіп, ештеңенің парқына жете алмай келе жатқанымыз соңымнан сырттай бақылағандай ма, қалай? Тосын кездесек те бірден таныдым, Ибрагим Ғабдуллин (Ол кезде тегі осылай жазылатын). Ойыл ауданының «Жетікөл» кеңшарының бас экономисі болып қызмет істейді. Әкем тіріліп келгендей қуанып кеттім. Сырт жерде адам бауырмал келеді, ол да мейлінше мейіріленіп тұр. Бас салып құшақтап жатырмын. Бір жағынан, ерекше қуанатын ретім де бар. Жалғыздікті, қарасатын аға-іні жоқ жігітпін ғой, құр жаңқалта қалып, қиналып та жүргенмін. Бейтаныс қалада кімнен ақша сұрайсың, кім басыңнан сипалайды?! Енді, міне, Алла көктен сұраған тілегімді жерден беріп, өз ауылымның азаматы кездесіп отыр. Орайын келтіре алсам, соның сәті түсер дегенде бір үміт жылт ете қалды. Бірақ еркінситін де ретім жоқ. Жасы үлкен. Ағайын-туыс емес, ауылымыздың байырғы тұрғыны дегуде де келмейді. Біздің ауылға алғаш 1965 жылы бас маман болып келгенде мен мектептің жоғарғы сыныбында оқытынмын. Осының алдындағы «ақ қоян» атанған қыста біздің ауыл қатты жұтады. Шаруашылық бойынша 29 мың қой қырылып, шопан қауым таяқ ұстап қалды. Негізінен, мал шаруашылығымен айналысатын кеңшарға бұл оңай тимеді. Жоғарғы басшылық қайта ашылған Ойыл ауданының түпкірдегі жұтаған ауылына айрықша назар аударып, төтенше шаралар алды. Тұралаған шаруашылықтың басшылығын түбегейлі жаңартты. Жаңа мамандар мен нығайтты. Шаруашылықтың тізігін соғыс пен еңбек майданында шындалған, халықпен жұмыс істеудің қыр-сырын жетік меңгерген Отар Клипанов ұстады. Бұл адамды сол кездің өзінде-ақ майдандас құрдасы Ойылдың халық ақыны Жалғасбай Есенғалиев «Высшийді бастауышпен алқымдаған» деп жырға қосты. Оның мәнісі былай еді: Отекең марқұм ағамыз соғысқа дейін бастауыш біліммен қызмет істеп, одан кейін мектепті экстерн бітіріп, Темірдің ауыл шаруашылық техникумының дипломымен бірнеше шаруашылықты басқарып, біздің ауылға ауысқанда институтта енді сырттай оқып жүрген екен. Ал жанындағы мамандары болса, өңшең жоғары білімді, дипломды, білім жағынан мен атайын, сен түр. Бас инженер

Қадіржан Жұмағалиев Мәскеудің К.А.Тимирязев атындағы ауыл шаруашылық академиясын, бас зоотехник Тынышқали Әбдірешов, бас мал дәрігері Жұбан Баймұханов Алматының зооветинститутын, бас агроном Дәулетжан Доспамбетов ауыл шаруашылық институтын бітірген.

Жігіттің сұлтаны

Ал осылардың алдыңғы легінде келген Ибрагим Ғабдоллаулы да Алматының мал дәрігерлік-зоотехникалық институтын 1964 жылы бітіріп, ғалым-зоотехник мамандығын алып шыққан. Институттан кейін еңбек жолын Қобда ауданындағы Қазақстанның 15 жылдығы атындағы асылтұқымды мал совхозында зоотехник-селекционер болып бастаған. Ойыл Қобдадан ажырап, қайтадан аудан болғанда осы ауданның Тайсойған ауылында дүниеге келген азаматізінің туған өңіріне қарай ауысуы оң көрген.

Осылайша біздің ауылдың топырағын басқанда ол салт бас, сабау қамшы 23-тегі жас жігіт еді. Орта бойлыдан жоғары, спорттық формадағы жігіт «кенсе қызметкерімін, маманым» деп шіренбей, ауыл жастарымен тез араласып, тіпті ауылдың қақ ортасындағы алаңда доп қуып қалып та жүрді. Сегізжылдық мектептің спортзалында да жиі кездесетін. Себебі ол кезде спорттық құрал-жабдықтарды тек сол жерден кездестіруге болатын. Ауылдың шаруа қуған жастары бұрын футбол, волейбол ойнағанмен, күрес, белтемір көтеру сынды спорттың көптеген түрлерімен айналыса бермейтін. Ибрагимнің ауыл жастарын алғаш тартып, спорттың осындай түрлерін жандандырағанына куә болдым. Сірә, институт қабырғасында спорттың осы түрлерімен жақсы шұғылданған болуы керек.

Қараой ауылына бастапқыда салт бас, сабау қамшы, бойдақ боп келгенбас маманның қай үйде жатып жұмыс жасағаны есімде жоқ. Бірақ одан кейінгі отбасын құрғаны, қызметтегі қалыптасу, өсу жолдары ойымда берік сақталып қалыпты. Сол кезде біздің Қараой аталатын ауылда жігіт көп те, қыз аз сияқты көрінетін. Талай ағаларымыз отызға қадам басса да, үйленбей, сүр бойдақ болып жүрді. Мамандықтары механизатор, көлік жүргізуші — шаруашылыққа байлаулы, алысқа ұзап шыға алмайды. Болашақ қалыңдығын ауылдан іздейді. Ал олардың басы санаулы. Оның ішінде елдің аузында жүрген, ақылына көкі сай дейтін бойжеткен біреу-екеу ғана. Сол екеудің бірі — жеті жылдықты бітіріп, әке-шеше бағып отырған Салима сұлу еді. Әкесі Құсайын ауылдың қадірлі ақсақалы, кеңес өкіметінің қызыл саясатына қараматан, талай жылдар алдынан Құраны түспей, бес уақыт намазын қаза етпей келе жатқан молда болатын. Сондай отбасында тәрбиеленіп, бойында иба мен имандылық ұйыған аруға сырттай қалыптасу да, жүгіруші де көп еді. «Жүгірген алама, бұйырған алама?» деген рас екен. Жігіттің сұлтаны дерлік Ибрагимнің шарасы кең көзі түсті де, ауылға келгеніне екінші жылға аяқ басқанда үйленіп тынды. Үйленгенін анасын көшіріп әкеліп, қолына алды. Алматының көшесінде көрген сәтте маған ирониямен тіл қатуының мәнісі осында болатын. Біздің ауылдан қыз алғаны, оның менен бір-екі жас үлкендігі, қарға тамырлы қазақ болғанын ағайын-туыс, жежат-жұрағат шығатынмыз ойында тұрса керек. Тұралап айтпағанның, балдыз қылып өзіне жақын тартып тұрғанын түсіндім. Аман-саулық сұрасып,

бұл жүрісімің мән-жайын айтып жатырмын. Ол да иегімен кейінгі жақты меңзеп, сондай жерде Қазақ ССР ауыл шаруашылығы министрлігінің жанындағы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының басшыларын дайындайтын арнаулы алты айлық па, үш айлық па курста оқып жатқанын айтты. Жатақханасы осы маңда сияқты. Министрлікке бет алған бағыты екен. «Жезденің жақсысы әкедей» деген, Алматының қақ төрінде жақсы кездестің», — деп жатырмын мен де шын қуанышымды жасырмай. «Олай болса кешке «Алматы» мейрамханасында кездеселік. Қонақ қылайын», — деді. «Рақмет ықыласыңа. Ол үйлеспес. Сенің ортақ лекционер болып байланысты. Мен аудандық газеттің әзір оқуын бітіре алмай жүрген жалаң аяқ журналисі. Оның үстіне мұршама да жоқ бұрылуға, күнде емтихан», — дедім. «Олай болса» деді де, қалтасына қол салып, тұтас жиырма бес сомдықты суырып алып, ұсынды. Бұл — ол кезде үнемшіл адам Алматыда тағы жарты ай жатуға жететін көп ақша. «Қожаң берсе, қойыңа сал» деген, қалтама салып, «басшылар даярлайтын курста оқығандар қызмет бабында тез өседі!» — деп тілегімді де білдіріп жатырмын. Ибрагим әлі де манағы әзілінен жазбай: «Әй, сен бұл жерге көп аялдамай, тез ұза!» — деп ілгеріозды.

Даладан — қалаға

Кезекті курсты аяқтап, елге оралып, жұмысыма кіріскесін Ибрагимнің Алматыда көрсеткен ықыласын ұмытпа алмай жүрдім. «Еруліге — қарулы», мен де бір жауап беріміз керек қой деп ойлап қоямын. Үйім ауылда тұрады, өзім ауданның орталығында салт жұмыс істеймін. Ауылға барған сайын сұраймын шешемнен. Өйткені шешем шешесімен дос, әңгімелесіп, хал-жағдайларын біліп тұратын. «Ол да мен сияқты жалғыз бала тәрбиелеп өсірген кемпір екен. Ері соғыстан оралмаған. Айтсына қарағанда, біраз қиындықты да көрген. Дегенмен дегеніне жеткен. Баласы да жақсы. Келінді де соқты», — деп отырады өзі мұратқа жеткендей қуанып қашанда. Расында да, осындай иман ұйыған шаңырақтан жар тапқан Ибрагим біздің ауылға тез сіңісіп, аз жылда бауырласып кетті. Елге сыйымды болумен бірге, кәсібі бойынша да шаруашылықтың тұтқанын берік ұстап тұрғаны аңғарылатын. «Бәрін де кадр шешеді» деген рас қой. Істің қымын білетін басшысы бар, білікті мамандары сайма-сай шаруашылық дұрыс жолға түсіп, бес жылдың ішінде гүрлеп шыға келді. Бағая қой қырылған ұмытылып, мал түгелденді. Мал мен егін шаруашылығы қатар дамыды. Бір бүйір шалғай ауылға адамның түсіне кірмейтін құрылыстар салынды. Бір бесжылдықтың ішінде шаруашылық Мәскеуді таңғалдырғандай таза пайда тапты. Бесжылдықтың қорытындысымен шаруашылық Еңбек Қызыл Ту орденін алды. Озат кеңшардың директоры Отар Клипанов Социалистік Еңбек Ері атағына ұсынылып еді, мұндайда арыз жазып, шалғайға жармасатындар біздің өңірден де табылып, Ленин орденіне түсірді.

Дегенмен шаруашылықтың осы өсуі мұндағы мамандарды жоғарыға танытып, жәйін ашты. Кеңес өкіметінің тәжірибесі қатты өркендеген шаруашылықты бөлетін еді. «Далиган» кеңшарының бауырынан «Жекенді» деп аталған жаңа кеңшар бөлініп шықты. Жоғарыда аталған бірсыпыра бас мамандар ауданның

өзге шаруашылықтарына директор болып жоғарылатылды. Озат шаруашылық экономикасының ұйытқысы, білікті де тәжірибелі маман, Алматының басшылар даярлайтын курсың үздік бітірген Ибрагим 1974 жылы шалғайдағы кеңшардан Ақтөбе облыстық атқару комитетіне қызметке шақырылып, облыстық жоспарлау комиссиясы ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы қызметіне жоғарлатылды. Екі жылдан кейін облыстық халықтық бақылау комитетінің бөлім бастығы болды. Одан 11 жыл бойы осы комитетте төрағаның орынбасары қызметіне жоғарылап, басшылық қызмет атқарды. 1991 жылдан бастап үш жыл Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі Ақтөбе облысы бойынша аумақтық комитеті төрағасының орынбасары болып жұмыс істеді. Еңбек жолының соңы монополияға қарсы саясат жөніндегі екі облыстық департаментімен байланысты болғанын жоғарыда айттық.

Иекең осы қызметтің қай-қайсысын атқарғанда да жаратылысында қарапайым азамат «Ұлық болсаң, кішік бол» принципі ұстанды. Өркез ақырын жүріп, анық басты, әділдікті, тазалықты ту етті. Облыстық газеттің журналісті ретінде мағандепартамент басшысынан талай мәрте сұхбат алудың сәті түсті. Әлі есімде, бірде сұхбатымыз Кеңес Одағының ыдырауы, жекеменшік, жекешелендіру туралы әңгімеге ойысқанда: «Қызмет бабында көп нәрсеге қолым жетіп тұрды. Бірақ, әй, көптің маңдай терімен келген еді, бұл ішінде ғой, бабаларымыз «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» дейтін еді деп, ештеңе алмадым. Қазір мына қызметте жүрміз, «Атқа шапқан да бай баласысың, тоқтағанда кедейлігің есіңе түседі», — дегені бар.

«Атқа мінгеннің бес қап желі болады» деген мақалды да сол жолы аузынан естіп едім. Бірақ бұл басшы ол «сырқатпен» ауыраған жоқ. Мұны біраз жұрт басқалардай емес, «ол өмір көрді, таршылық пен жоқшылықты басынан өткерді, бір кемпірдің тәрбиесінде өсті» деп түйеді. Меніңше, олай емес, басқаларда сондай тағдыр кешті ғой, бірақ сабақ жоқ. Өйткені парасат жетпейді. Ибрагим айрықша парасат иесі еді, ақын адам еді.

Ақын жүрек

Ақын дегенде, ағамыздың өлең жазатынын мен кейінірек білдім. Ойылдық ағамыз марқұм Сәрсен Жұмағалиевтің «Бір жолда өлең жазбайтын ақын жүректі адамдар болады. Ешкімге көрсетпей, тек өзі үшін өлең жазатын да адамдар болады» дегені есімде жүретін. Соның бір куәсі осы Ибрагим болды. Ол өлең жазатынын дабырлапты, өмірінің соңғы жылдарында ақын Нұрлықбек Қалауовтың алғы сөзімен «Саралап сөзді сөйлейін» деген атпен басыпана кітабын шығарып, бір-ақ білдірді. Кітаптың бастапқы бетінде: «Осы еңбегімді Отан соғысында қаза тапқан әкем Ғабдоллаға, марқұм болған аяулы анам Түймешке, дүниеден ерте өткен інім Жәнібекке, ұлым Айбекке арнаймын» дейді. Өлең кітабын бастан-аяқ оқып шыққан адам, шынында да, өз әулетіне, ұрпақтарына өшпес ескерткіш соққанына, өмірлік өсиет қалдырғанына көз жеткізер еді. Ұлы Ойыл, Жарыпшыққан, Тайсойған құм — Анама болған едің көп жылдар мұң.

Жап-жақын жерде тұрып сен іздетпей, Қиянат қылған бізге қай уақыт сұм, — деп келетін өлеңінен бір тайпа елге атақонысының топырағын бастырмай, ұзақ жыл-

дар қиянат, зәбір көрсеткен кеңес өкіметінің әрекетін аңғарсақ, мына шұмақотбасы, әулеті жайлы хабар береді:

Алтын, Бану, Гүлмира, Айбек, Гүлзия, Анадан Сәлимадай ақ сүт емген, Ар, иман әрқайсысына сүтпен енген. Адал жан, ақ ниетті, ақ тілеулі Ар-намыс майданында күнде жеңген.

Ағаның қаламынан туған бұл жолдардың бізге қымбаттығы, меніңше, оның шынайылығында. Біраз жылдар аралас-құралас, сыйлас болып жүргендіктен біз бұл отбасын, әрине, жақсы білеміз. Өлеңде есімдері аталған балаларының бір кезде мектепті үздік бітіргені, жоғары білім алғаны, өнерлі болып өскені есімізде қалды. Өмірден өз орындарын тауып отбасын құрғанда тойларында болдық, ақ тілегімізді айттық. Қазақ «Тұяғы бүтін тұлпар жоқ, қанаты бүтін сұңқар жоқ, бауыры бүтін пенде жоқ» деп мақамдайды. Ибрагимнің де ең ауыр қайғысы — ерте тартып еңкейгенде жалғыз ұлының өмірден өтуі болды. Ол қайғыны да ағаның өлең жолдарынан артық ешкім жеткізіп айта алмас еді:

Жалғызым арманымның жалғасы еді, Үмітсіз арман бойда көлмес енді. Өкенді сен арулап жәлтеткенде, Тағдырға ешкім кіне салмас еді. Әмина, Абылайханды сен жеткізсең,

Арманы олардың да болмас еді. Арманың пенде жоқ. Заманыңда бір адамдай дәуірлеген ақжүрек азаматтың да бір арманы ішінде кетіп, жетпісін тойлағасын көп ұзамай өмірден озды. Жаратылысында мығым, қақырлы азаматтың сексеннің көжесіне жете алмағаны қартайғанда көрген қайғыдан емеспес екен деген де күдік қалды көңілде. Дегенмен бәріне уақыт емші. Қазір ағаның нәмерелері Әмина да, асылдың тұяғы Абылайхан да есейіп, азамат болды. Қыздарынан жиендері, шөберелері өсіп жатыр. Ағадан қалған әулеттің қызығын көріп, тілегін тілеп Салима апамыз отыр. Бұл кісінің кеңес заманында молдалығынан жазбаған еке жолын ұстанып, бес уақыт намазын қаза қылып, Алланың ақ жолына түскеніне талай жылдардың жүзі болды.

Шөкірт тәрбиелегеннің, адамдарға қамқорлық жасағаның ғұмыры ұзақ болады, өмірден өтседе ұмытылмайды» дейтін де халық. Себебі ондай жандар сол адамдардың жүрегінен де жүреді. Ағаның қырық бес жыл өмірі қалада өтті, беделі де, билігі де, дастарқаны да болды. Зайыбы сауда саласында жасады, оқып мамандық алып, кеңес саудасының үздігі дәрежесіне дейін көтерілді. Біздің ауылдың, тек біздің ауыл емес, күллі Ойылдың қалаға сапарлағандары ол кезде «Ибрагимге бардық, Ибрагимнен келеміз» дейтін. Түрлі шаруамен қалаға келген қыр қазағына жол сілтейді, қолынан келген жәрдемін көрсетеді. Алдына кім келсе де, үйіне қай қонақ төрлес де қарсылық жоқ. Тәлімгер ретінде бір кезде елде бірге қызмет істегендеріме қаз мамандар оның жәрдемімен, тікелей қолдауымен қызметке тұрғанында білеміз. «Жақсыдан — шарапат» деген осы ғой. Біз білетін Ибрагим ағамыздың ғұмыры осылай көпке шарапатпен, халықтан алғыс алумен өтіп еді. Бізде ел айтатын сөзді айтатын — нұры жұмақта шалқығай!

Аманжол ОРЫНҒАЛИҰЛЫ,
Қазақстанның құрметті журналисі.

Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің ұжымы музейдің ғылыми қызметкері Дулат Исабаевқа

өкесі Бітімбайдың

қайтыс болуына орай, жанұясына, барлық бауырлары, ағайын туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл аудандық ауруханасы және кәсіподақ ұйымы Берсиев дәрігерлік амбулаториясының мейірбикесі Жанар Қуанышбаеваға енесі

Демөштің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, ағайын-туыстарына көңіл айтады.

Ойыл аудандық ауруханасы және кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасының кіші қызметкері Жанар Ахановаға қайынысы

Ерболдың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл аудандық мәдениет саласы қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы Ш.Берсиев атындағы өнер және өлке тарихы музейінің қызметкері Дулат Исабаевқа

өкесі Бітімбайдың

қайтыс болуына байланысты қайғырып, көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефондары: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1431 дана. Тапсырыс 77 Көлемі 1 баспа табақ, индикс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

АҚТӨБЕДЕ КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ АҚЫСЫЗ КӨМЕК БЕРУДІ ЖАЛҒАСТЫРУДА



Білікті заңгердің кеңесі, салық немесе бухгалтерлік есепті тапсыру, бизнес-жоспар жазуға көмек алу. Осы қызметтердің барлығын кәсіпкерлік бастамасы бар адамдар тегін ала алады. Ол үшін Ақтөбе облысы кәсіпкерлер палатасының базасында жұмыс істейтін КҚКО-ға жүгіну қажет. Орталықтың жұмыс істегеніне 9 жыл болды.

Білікті кеңесшілер Палатаның аудандық филиалдарында да бар. Осы жылдар ішінде 131 мыңнан астам адамға консультация берілді, кәсіпкерлерге 29 мыңға жуық сервистік қызмет көрсетілді. Бұл жерде кәсіпкерлердің бухгалтерлік есептерін тапсыру, бизнес-жоспарларды әзірлеу, рұқсат құжаттарын алу кезінде сүйемелдеу, шарттарды дайындау және т. б. қызметтер туралы айтылып отыр. «Өткен жылы Ақтөбе облысы филиалдарының Орталықтары арқылы 3 737 азаматқа 16 195 кеңес, сондай-ақ 1 144 кәсіпкерге 1 259 сервистік қызмет көрсетілді. Сонымен қатар, сүйемелдеу нәтижесінде кәсіпкерлік қызметтің 423 субъектісі ашылды, сондай-ақ 312 жұмыс істеп тұрған бизнес субъектісі түрлі қолдау құралдары шеңберінде 3,7 млрд теңге сомасына жеңілдікпен қаржыландыру алды.

Құттықтау

Қараой ауылының тұрғыны Тіржанов Атшыбай өкемізді туған күнімен құттықтаймыз.

Асқар таудай өкем - бақытымсың, бағымсың, Өмірдегі, төрімдегі тағымсың! Құтты болсын 88 жасыңыз Сағынышым, қуанышым асқар шың. Тілейміз біз таусылмайтын төзімді, Тілейміз біз сарқылмайтын сезімді Денсаулығың мықты болсын, жан әке, Құттықтайды ұл-қыздарың өзіңді. Өмір-өзен жақсылығын жалғасын, Тіршілікте сәттіліктер қолдасын. Жаңауямен мақтанамыз қашанда, Арамызда сіздей әке болғасын.

Тілек білдіруші: жолдасы Ізекен және балалары.


ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ ЖЕЛІНІҢ ӘСЕРІ



Әлеуметтік желі бүгінде біздің өміріміздің ажырамас бір бөлігіне айналды. Әлеуметтік желіні біріміз қажеттілікке, біріміз күнкөріс кәсібіне, енді біреулер ермегіне айналдырды. Алайда, әлеуметтік желі парақшаларының осындай жетістігі мен қолжетімділігін дәстүрлі емес дін ағымдар да өз пайдаларына қолдануда. Экстремистік және террористік ұйымдардың халыққа ақпарат арқылы әсер етуді кеңінен қолдануы олардың қызметінің ажырамас бөлігіне айналды. Ең алдымен экстремистік және террористік ұйымдар интернет желі қолданушыларының өлі қалыптасып үлгермеген санасына ықпал ету үшін қолданады. Яғни, олардың негізгі нысанасы әлеуметтік жағдайы мен дүниеге деген көзқарасы толық қалыптаспаған топтар болып табылады. Қазіргі таңда діни сауаты төмен адамдардың діни ақпаратты интернеттен іздейтіндігі белгілі. Мұндай адамның ақпарат тарату мәселесінде өте белсенді жұмыс жүргізетін радикалды ұйымдардың қармағына ілінуі өбден мүмкін. «Google» арқылы бір мәселені іздеген кезде радикалды бағытты ұстанатын ұйымдардың салған ақпараттарына кезігіп, олардың шейхтарының бейне және аудио жазбаларын тыңдауы мүмкін. Олардың жазбаларында жиһадқа шығу, шейіт болу секілді мұндай сайттардағы дін тақырыбындағы барлық мәліметтер мен деректерді сол қалпында қабылдап, санасына сіңіреді. Осы әлеуметтік желілер арқылы мұндай ұйымдар танымал #хэштегтерді алып, оның мазмұнына өз материалдарын көптеп орналастырады. YouTube, Facebook, Instagram, ВКонтакте, Twitter, Telegram сияқты әлеуметтік желілердің пай-

даланушылардың арасында да әлеуметтік желілер мен медиа порталдар арқылы мемлекеттік жүйені құлатуға тікелей және жасырын шақыру, қолданыстағы заңдарды, зайырлы этика мен мораль нормаларын мойындамау фактілері де кездеседі. Теріс пиғылды ағымдардың кейбір сайттары халықты экстремистік немесе террористік әрекеттерге шақыруды насихаттамауы мүмкін. Олар исламға арналған ақпараттық портал ретінде жұмыс жүргізеді. Алайда, олар шын мәнінде халықтың дәстүрлі діни ұстанымдарын ыдыратып, мұсылмандар арасына жік салып, дінді іштей бөлшектеуді көздеуі мүмкін. Экстремистік және террористік ұйымдар жеке веб-сайттарын құрумен қатар порталдардағы, әлеуметтік желілердегі форумдарда да жұмыс жүргізеді. Бүгінгі таңда әлеуметтік желілер бүкіл әлемдік интернеттегі ең танымал қызмет түрі болып отыр. Статистика бойынша әлеуметтік желілерді интернет қолданушыларының 90%-ы қолданады. Діни радикализм мен экстремизм идеологиясы қоғам санасына интернет кеңістігі мен заманауи электрондық бағдарламалық қосымшалар, жаһандық ақпараттық-коммуникациялық желілер арқылы ақпараттық-психологиялық әсер ету арқылы енуде. Соның салдарынан азаматтардың отансүйгіштік сезімі мен төзімділік принциптері, құндылықты бағыттары мен этикалық нормалары өзгеріске ұшырап, отбасына ірікті салу, қоғамның жікке бөлінуі қауіп туындауда. Қоғамда радикалды діни идеялар туралы жүйелі және жоспарлы түрде ақпарат тарату террористтер мен экстремистер өз қатарларына жаңа мүше тарту мақсатына бағытталған. Бұл әрекеттер өсіресе жастарға бағытталғаны да жасырын емес. Сондықтан діни мәліметті, қажетті ақпаратты іздеген әрбір азамат шетелдік галамтор сайттарын пайдаланбай, өз еліміздегі kazislam.kz, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ресми сайты muftiyat.kz және онымен серіктес fatua.kz, azan.kz, muslim.kz, ummet.kz және т.б. секілді еліміздегі сенімді сайттарға және Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің YouTube, Facebook, Instagram, ВКонтакте, TikTok әлеуметтік желілерінде «Ойыл Руханият» парақшасына жүгінумен жөн. Жалпы осындай келеңсіз жағдайлардан ішкі тұрақтылық пен ауызбіршілікті сақтау арқылы ғана еліміз болашақта көздел отырған асақ мақсаттарға қол жеткізе алады. Қазақстанның әрбір азаматы өзінің діни сауатын арттыруға мән беріп, рухани және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге өз шамасының жеткенінше атсалысатын болса елдің ішкі тұрақтылығы мен бүтіндігіне ешқандай жат пиғылды ағымдардың сызат түсіре алмасы анық. **Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі**

ҚЫС МЕЗГІЛІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ ЖӘНЕ ӨРТ КАУІПСІЗДІГІН САҚТАУ



Қыстың қаңтар, ақпан айлары бұрқасынды боранды болып келеді. Қарлы боран қатты аязбен қабаттасса аса қиын жағдай туындайды. Ауа-райының аяқ астынан құбылуы таң қалдыратын жағдай емес. Осындай құбылмалы кезеңде жолға шыққан жолғаушыларды, малшыларды табиғат қыспаққа алып, жолдарды, тұрғын үйлерді қар басуы сияқты адам өміріне, шаруашылыққа зиян әкелетін төтенше жағдайлардың туындауы мүмкін. Сондықтан қыс кезіндегі ауа райының қолайсыздығынан төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында көлік қозғалысын шектеу үшін жолдарды жабу және басқа да тиісті шаралар қабылданады. Алайда халық ауа - райының қолайсыздығына қарамастан жолға шығып кетіп жатады. Қыс мезгілінде жолға шығар алдында, метеорологиялық мәліметтерді тыңдаңыз, дауылды ескертудің жоқтығына көз жеткізу қажет. - Егер қыс мезгілінде жолға шығатын болсаңыз жылы киім, азық-түлік, тағы басқа да керекті болуы мүмкін заттар мен қамданып алыңыз; - Өте суық, желді күні қатты тоңуы, сыртынан басқа шұлық кісе жылууды жақсы сақтайды; - Ауа-райы бұзылып тұрса, таныс емес жерде жолға шықпаған жөн; - Боранды күні ауыл арасында да жалғыз жүру қауіпті, ең дұрысы жолға шықпау қажет; - Егерде сіз боранды көліктің ішінде қарсы алсаңыз, көлікті алды жағымен желге қарсы қойып, жақсылап жылы ораныңыз және жанар майды үнемдеп үздіксіз пешті қоса бермеңіз; - Көлік тұрған жерін белгілеп алыңыз; - Көлікті құрсаулап қар басып қалу қауіпі кезінде мезгілімен есігін ашып, күрт қарды бұзып отыруыңыз қажет. - Қар басқан көлікте қанша жауарсаңыз да қозғалтқышты қоспаңыз. Қозғалтқыш қосылған кездегі шыққан улы газ, салон ішіне бірте-бірте жиналып, сізді қатты аяздан бұрын мерт қылуы мүмкін. - Егер де сіз жылыңыңыз келсе, сыртқа шығып түтін шығатын құбырды қазып алып, одан шығатын газды көлік астына емес, ауаға кететіндей қылыңыз. - Көліктен шығар алдында бөліңізге арқан байлап алыңыз (оның бір үшін көлікте қалдырыңыз). - Темір затпен байланыспаңыз. Қатты аязда темір бұрайтын кілтті бір-екі минутқа жалаң қолмен ұстасаңыз, қолыңыз үседі. - Жылыну үшін, керек емес және жануға болатын заттарды еске түсіріңіз (ауыстыратын дөңгелек, шина және т.б.) - Боранда жаяу жүріп жетем деген бекершілік. Егер жаяу шығып боранға кезіксеңіз алысқа ұзап кетпей кері қайту қажет. Ертелі-кешпе сіз шаршайсыз, жолдан адасасыз, содан соң демалуға отырған кезіңізде үсікке ұшырайсыз. - Тікелей қар ішінде ықтайтын жер жасап, жылу жинайтын көрпешеге денелеріңізді барынша бір-біріңізге жақындатып тығыздала отырыңыз. Қар ішінде жасалған баспанаға отырудың алдында айналаға қарап, қай жерде орналасқаныңызды және жақын маңда қандай елді мекен бар екендігін барлап, ықтаған жерлеріңізге көрінетін белгі қойыңыздар. Баспананың төбесінен ауа кіретін желдеткіш тесігін ашыңыз (адам басына), үздіксіз қар жауған жағдайда, оны уақытылы тазалап тұрыңыздар. Сол баспаның ішінде отырып 2-3 сағат демалудың өзі адамның бойын жылытып, күш жинауға мүмкіндік береді. 2-3 адам болса кезектесіп ұйықтауға болады. - Жалғыз адам болған жағдайда ұйықтамауға тырысыңыз, аса қажеттілік болмаса баспанадан шықпаңыз. - Суықта алкаголь ішімдігін ішу зиянды. Ол аз уақыт ішінде көп жылу шығару арқылы адам бойын жылытады, содан кейін адам тез салқындап, қатты жаурайды. Бұның арты өз өміріңізге қауіп төндіреді сонымен қатар алкаголь ішкен адам дұрыс шешім қабылдай алмайды. Құрметті аудан тұрғындары әр бір адам төтенше жағдай кезінде өз өмірі мен денсаулығын сақтап қалу үшін бар күш жігерін жинап, осы жоғарыда айтылған қауіпсіздіктің қарапайым шараларын естен шығармаған абзал. **Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі**

“ШАПАГАТТЫҢ” ШАШУЫ



Өткен апта аудандық мәдениет үйінде халықтық «Шапағат» Ешпановтар отбасылық ансамблінің есеп беру концерті өтті. Мереке кеш барысында «Ойнап күл», «Ауылға сағыныш», «Сырласып алындар сүйгендер», «Отбасым», «Бауырым» және басқа да халық әндер орындалып, сонымен қатар Ақниеттің репертуарындағы бірнеше әндер шырықалды. Мереке кешке келген көрермендер концерттен жақсы әсермен көтеріңкі көңіл күйде ризашылықтарын білдірді. Кеш соңында аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысының атынан құттықтау хаты табыс етілді. Халық ансамблі туралы қысқаша ақпарат беретін болсақ, «Шапағат» халықтық Ешпановтар отбасылық ансамблі Ойыл аудандық мәдениет үйі жанынан құрылып, 2004 жылдан бері жұмыс жасап келеді. 2008 жылы отбасылық ансамбль халықтық атағын алса, 2022 жылы халықтық атағын қайта қорғады. Боранбай - ансамбль жетекшісі ұлттық домбыра аспабымен қоса, жапондық «Синтезатор» аспабын меңгерген. Театрда бірнеше рольдерді сомдап келеді және «Шаншу» әзіл сықақ театрының мүшесі. Отанасы Ибағалиева Гүлмира домбырамен, эстрадамен өн салады, әзіл сықақ интермедияларында ойнаған. Ансамбльдің бір мүшесі қыздары - Бұлбұл аудандық музыка мектебінде мұғалім. Вокал және хор кластарына дәріс береді. Үйдің кенже Ақниет 5 жасынан бастап облыстық, аудандық конкурстарға қатысып жүлделі орындарға ие болып жүр. Ол сонымен қоса би өнерінің озық шебері десе де болады. А.Жұбанов атындағы музыкалық колледжін аяқтап, қазіргі таңда Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының 1 курс студенті.

БІРЛЕСКЕН ЖАТТЫҒУДЫҢ БЕРЕРІ КӨП

Ақтөбе облысы Ойыл ауданының жас палуандары Қырғызстаннан келген жасөспірімдер құрамасымен оқу жаттығу жиынын өткізді. Бір аптаға созылған жиын нәтижелі болды. Құрама сапындағы балалар өзара тың тәсілдерді меңгеріп, мол тәжірибе жинады. Шапшаңды, үздік техника, қорғана отырып шабуылға өту сынды боз кілем шеберіне қажет дағдыларды меңгерді. Азия чемпионы Еркебұлан Боранғалиев және аға жаттықтырушы Досбол Аманғосов боз кілемдегі тайталас кезінде, үздік әдіске мән беріп, жас палуандарды жаттықтырса, Қырғыз елінің мақтаншы құрамы жетекшісі, Нұрсұлтан Коконның моральдық және физикалық дайындығына күш салды. «Бұл аудан спортшылары үшін алғаш рет ұйымдастырылып отырған бірлескен оқу жаттығу жиыны болды. Өрине жаттығу залында төгілген тер, өткен еңбек алдағы жарыста өз нәтижесін береді деген үміттеміз. Жас боз кілем шеберлерінің тыңғылықты дайындығы аса маңызды. Психологиялық, физикалық тұрғыда жас өрендер өздеріне қажетті тәжірибені жинап жатыр. Өрине бұл бастамасы. Бұл оқу-жаттығу жиыны - үлкен белестерді бағындыру үшін тағы бір қадам. Тарихта қалар жеңісті күндеріміз көп болсын!», - деді Ойыл ауданы құрамасының аға жаттықтырушы Досбол Аманғосов.

